
В данной статье автор рассматривает виды инновационных процессов в Республике Казахстан. Он подчеркивает что природа инновации очень сложна и связана со многими факторами и общественными институтами.

Different types of innovative processes and ways of their development in Kazakhstan are described. The complex nature of innovations with links to many determining factors and institutions are considered.

Г.Г. Кожантаева

ӘЛЕУМЕТТІК ЭКОЛОГИЯНЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР

Табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесуі табиғаттағы өзара байланыстылықтың негізінде жүзеге асырылады. Бұл заңдылықты түсіну табиғаттың қоғамға, қоғамның табиғи ортаға әсер ету үдерісін ғылыми тұрғыда дұрыс бағалаумен байланысты.

Әлеуметтік экологияның негізгі мазмұны қоғам мен биосфераның өзара әрекеті теориясын қалыптастыруға итермелейді. Себебі бұл әрекеттесу үдерісіне олардың өзара ықпалдасуындағы биосфера мен қоғам кіреді. Олай болса, бұндай үдерістердің заңдары жекелеген ішкі жүйелер дамуының заңдарына қарағанда ортақ қасиетке ие болуы шарт [1].

Бүкіл адамзат тарихы бойы табиғат пен қоғам арақатынасы мәселелері туындай отыра іле-шала өз кезегінде табиғат пен қоғамның өзара қарым-қатынасының бірегей жүйесін түсіндіретін ғылыми нақтылаған талпыныстар да туындады. Соңғы кездері мұндай мәселелер «адам әлемі» мен табиғат әлемінің өзара әрекеттесуінің жалпы заңдарын, материя қозғалысының әлеуметтік және басқа да формаларымен заңды байланыстарын зерттейтін ғылыми білім саласы әлеуметтік экологияның да зерттеу нысанына айналды.

Жалпы адам мен табиғаттың қарым-қатынасы мәселесін зерттеу әлеуметтік философияда бұрыннан бастау алады. Қазіргі таңда ол адамзаттың жаһандық мәселелері деп аталатын негізде қалыптасты. Бірақ бұл бір мәселе төңірегі болып табылады. Бұрынғы таңда да қазіргі кездегідей бұл мәселе әр түрлі шешімге ие болып отырды. Мұның шешімі әртүрлі философиялық пікірлермен толып отырды және елеулі түрде қоршаған ақиқат (табиғат пен қоғам) жөніндегі жаңа идеялар мен ойлар түсінігінің қалыптасып отыруына әкелді. Басқаша айтқанда әр кезең сайын белгілі бір дүниетанымдар пайда болып қалыптасып отырды [2].

Экологиялық әлеуметтанудың негізгі концепциялары қоғамның ортамен өзара әрекетінің заңдылықтары мен формаларын, әлеуметтік өзгерістердің әлеуметтік үдерістердің тіршілікті қамтамасыз ететін материалдық алғышарттарының өзгерістерімен жан-жақты байланысын зерттейді. Оны локальдық-қауымдастық шеңберімен

шектей отырып, әлеуметтік-экологиялық бағытты қолданады. Инвайроменталды (тіршілік ортасының сапалылығы қолдайтын әлеуметтік қозғалыс) теорияның қарастыратын шеңберіне қоршаған ортамен әлеуметтік білімнің өзара әрекеттесуі жатады. Бұл теория дүниетанымдық және теориялық бағытты білдіреді.

Өзінің толыққанды концептуалдық дамуын инвайроменталдық теория американдық әлеуметтанудан алды. Әлеуметтік-экономикалық тұжырымдамалар социал-дарвинизм, эволюционизм, инструментализм, натурализммен байланысты.

Экстенсивтіден интенсивті табиғатты пайдаланушылыққа өту жағдайында қоғам мен табиғи ортаның өзара әрекетін шешудегі негізгі әлеуметтік-реформалық бағыттар қалыптасты.

Консерватизм (Б. Фернау, Дж. Пиншо және т.б. «утилитаристар») қоғамдық институттардың қайта ұйымдастырылуы экономикалық өрлеуді және табиғи байлықты эгалитарлық бөлуді қамтамасыз ететін тиімді және өнімді табиғатты қолданушылыққа бағытталуы тиіс деп есептеді.

Биоцентризмнің қорғаушылық тұжырымдамасы олардың көзқарасы бойынша оны пайдаланудың мүмкіндіктеріне қарамастан бағалы болып табылатын жабайы табиғатты сақтауды қолдады. Бұл қозғалыс («Сера Клаб», Дж. Мьюир, Дж. Катлин, Дж. Одюбон, Ф. Паркмен, Э. Эванс және т.б.) үшін маңызды рухани сапалармен танылған (табиғат жөніндегі бұндай пікірді «жаңа ағылшындық трансцендентализмнан» Р.У. Эмерсон, Г. Тородан алды) және мүлтіксіздік ретіндегі табиғат пен қоғамның арақатынасы тән. Биоцентристер инвайроментализмді болмыс тәсілі және мінез-құлықтың белгілі бір түрі деп анықтайды.

Экологизм – академиялық шеңберге жақындауы болып табылады. Өздерінің табиғат пен қоғамның өзара әрекеті үлгісін табиғи-ғылыми негізге сай құрастырады. Өзара байланысқа экожүйе мен адамдық бірлестіктерді қоса отырып, олар әлеуметтік жүйенің қызметін экожүйенің ұтымды қызмет жасауын қамтамасыз ету және экологиялық үдерістердің бұзылуының алдын алуынан көреді. Олар үш идеяларды ұсынды: экожүйелік холизді (А. Леопольд), «моральдық қоғамдастық» және биотикалық функционализмді.

Экономизм – бұл қозғалыс экологиялық қиындықтарды табиғи, стихиялық шешу қатынасында өзінің оптимизмімен ерекшеленеді. Оларға антиреформизм тән. Табиғат олардың ойынша жеке қызығушылық және индивидуалдық бастама үшін жаралған.

Инвайроменталды идеялардың дамуы чикагалық мектептің әлеуметтік-экологиялық тұжырымдамасымен байланысты.

Негізін қалауға қоғамды барлық әлеуметтік дамудың негізінде жататын және нәтижесінде қоғамдық ұйымның түрін анықтайтын әлеуметтік (мәдени) деңгеймен қатар биотикалық деңгейге ие «терең биологиялық феномен», яғни организм ретінде ұғыну септігін тигізді.

А. Вирт пен Р. Маккензи «социологизация» және «биосоциалдық» дуализмді жеңу бағытындағы әлеуметтік-экологиялық теорияны қайта ұғыну талпыныстарын жасады. Функционалдық бағытта «қоғамдастық» организм және субәлеуметтік күштердің тасушысы ретінде емес, ортамен өзара әрекеттестікке қабілетті функционалдық бірлік ретінде ұғынылды. «Классикалық» тұжырымдаманың әлеуметтік атомизмі «ұйымдасқан» функционализммен ауыстырылды.

XX ғасырдың 70-жылдары инвайроментализмнің дамуында жаңа кезең орнады, бұл әлеуметтік-экологиялық идеялардың әртүрлі әлеуметтік пәндердің қолдауына ие болуы, экологиялық проблематикаға қатысты пәнаралық зерттеулер дамуымен байланысты. Соңғы кездері ол ғылыми және ұлттық шеңберде дамып, құндылықтарды жаһандық қайта бағалауға, жаңа дүниетанымды, жаңа мақсаттарды және ғылыми зерттеулердің артықшылық жағдайын қалыптастыруда негіз болып қалыптасуда.

У. Каттон, Р. Данлан және т.б. әлеуметтануындағы «жаңа инвайроменталды парадигма» социологиялық «герметизмді», қоғамды зерттеудегі антропоцентризмді, әлеуметтік және мәдени дамудың мүмкіндіктерін жоққа шығарады. Олар әлеуметтік теорияда табиғат пен әлеуметтік ортаның өзара әрекеттесуінің үндестік принципі қалпына келтіруге, «жаңа әлеуметтік шындықты» түсіндіруге, қазіргі қоғам құндылықтар жүйесінің түбегейлі өзгеруіне және осы жүйеге сәйкес экологиялық ақталған тәртіптің жаңа үлгілеріне бағыт беруге тырысады [3].

В.И. Вернадский әрдайым көрсеткеніндей, яғни «биосфера жаңа эволюциялық күй – ноосфераға өтті немесе дұрысырақ айтсақ өтуде» деген ойы қоршаған ортаның өзекті мәселелерінің өсуі салдарынан ғылымдардың көпшілігінде орын алған сол ілгерілеулерді түсінуде негізгі кез болып табылады. В.И. Вернадскийдің пікіріне жүгінсек, биосфераның ноосфераға эволюция үдерісін қоғам – әлеуметтік күштердің қарқын-

дап дамушы қуатының ықпалындағы табиғат жүйесінің қалыптасуы мен дамуы ретінде қарастыруымызға болады. «Ноосфера саналы адамдық қызмет бұл жерде үстемдік етуші фактор болғандықтан, негізінде қоғамға жататын табиғат пен қоғамның өзара әрекеті, бірлігі болып табылады».

Биосфераны тірі организм жүйесі ретінде қарастырсақ, органикалық емес табиғат, яғни тірі организмдердің қоғамдастығының бірлігі болып есептелінеді. Жер мен оны қоршаған органикалық емес ортаны (биолог биотоп деп атар еді), яғни сол ноосфераны, яғни қоғам мен оны қоршаған органикалық және органикалық емес орта бірлігі, қоғам – табиғи жүйесі ретінде қарастыруға болатын еді. Бұл жерде атап өтетін жәйт, ноосфераның тұтастылығы – ұтымды қатынасты анықтаудағы адамзаттың мақсатқа бағытталған қызметімен, биосфераның тұтастылығын анықтайтын тірі және өлі табиғи жердің үйлесімділігі табиғаттың табиғи күштерінің әсерінен жердің эволюция үдерісінде стихиялы іске асырылған кездегі қоғам мен табиғаттың үндестігімен анықталынатындығында. Басқаша айтқанда, ноосфера адамдардың саналы қызметінің өнімі ретінде пайда болады. Басқа жолмен ол туындауы мүмкін емес [4].

1920 жылы В.И. Вернадский адамзаттың бейорганикалық болуы мүмкіндігі жөнінде болжам жасап, тағы да бір принципшіл қадам жасаған болатын. «Әлеуметтік мәселелерді шешу үшін адамгершілік құдіреттің негіздеріне жүгінуі керек, яғни адам қолданатын тамақтану формасын, энергия көздерін өзгерту қажет. Содан кейін негізгі тезис: «Ұйымдасқан жанды заттардың көмегінсіз тағамды синтездеу ашылған кезеңде адамның болашағы түбегейлі өзгеріске ұшырайды». Мұндай азықтың синтезі «адамды басқа тірі нәрсеге тәуелділігінен» босатар еді. Ол гетеротрофты нәрседен бейорганикалыққа өзгерер еді.

Бұл ғылыми болжамның негізгі элементтері былайша сипатталады: 1) адамзат шексіз ұзақ дами алады, тек бір ғана шектеу – табиғи ресурстардың жеткіліксіздігі (Вернадский бойынша «бастапқы шикізат материалдарының»); 2) бұл жалғыз шектеуді күші шексіз болып табылатын адам санасы жеңуі мүмкін; 3) азықты өндіру әдісінің өзгеруі адамзаттың өмірі мен болашағын түбегейлі өзгертеді. Бірақ ғалым адамзат жарты ғасырдан соң қақтығысқан (ресурстық қақтығыстар, халықтың тығыздығы) керітартпа байланыстардың пайда болу мүмкіндігін жоққа шығарды. Ол ғылыми-техникалық прогрестің екі жақты мәнінің іргелі айғақтарына мән бермеген-ді, ал ол үнемі табиғат пен адамдар үшін тәуекел және қауіп-қатер тудыруда. Ол негізінде өзінің замандастарының, соның ішінде ресейлік ғалымдар мен философтардың (Д. Анучин, Н. Данилевский,

В. Докучаев, Вл. Соловьев) ескертулерін елемеді [5].

В.И. Вернадскийдің ілімі заңды түрде қоғам – табиғат жүйесінің қалыптасуына мақсатты бағытталған нақты-ғылыми теориясын жасаудағы алғышарт ретінде қарастырылуына болады. Бұндай теория жасау талпынысы қазіргі жаңа ғылыми пәндерден де көрінеді. Бұл жөнінде негізінен В.И. Вернадскийдің ілімінен адам экологиясының және ол конструктивті деп атайтын жалпы синтетикалық ғылымының тұжырымдамалық негізін жасаудағы алғышарт ретіндегі ноосфераны көретін В.И. Казначеев жазған болатын.

Бұл тұрғыда қоршаған орта мәселелерінің кешенді биологиялық, экономикалық, географиялық және медико-биологиялық аспектісін қарастыратын жаңа синтезделуші ғылымның пайда болуындағы Вернадский ілімінің рөлі, ең алдымен, ол бұл жаңа ғылымның зерттеу нысанын көрсететін, яғни «ноосфера» терминімен белгіленетін қоғам мен табиғаттың бірлігін анықтайтын социотабиғаттық қатынастар жүйесінен көрінеді.

Шындығында да, адамның биосфераға әсерінің күшеюімен жүретін ноосфера қалыптасуының үдерісінде адамзат табиғи ортаның сапасын сақтау және жақсарту мақсатында адамзат аймақтық және жаһандық ауқымдағы табиғи үдерістерді басқаруды меңгеруі шарт. Басқаша айтқанда, биосфераның ноосфераға ауысуы табиғи ортамен басқару арқылы саналы, мақсатқа бағытталған ноосфераның қалыптасуын көрсетеді. Бұл үдеріс әлеуметтік экология назарының ортасында тұрады.

Ноосфераның қалыптасуын өңдеудегі стратегияның әлеуметтік-экологиялық басқаруда екі бағыттың бар екендігін атап өткен жөн. Расында да, табиғат пен қоғамның арасындағы үндестікке жетудегі мақсатта табиғи ортаны өзгерту және жобалауда жәрдемдесе отырып, сонымен қатар қоғамның өзінің әлеуметтік-экономикалық және әкімшілік-ұйымдастырушылық құрылымын өзгертіп және жетілдіруге болады. Бірінші бағыт конструктивтік географияда және табиғи ортаны қорғаушы биологияда, ал екінші бағыт адам экологиясы эконологияда іске асырылады. Бұл екі бағыт та бірін-бірі толықтырып, ноосфераның қалыптасуы, яғни бір үдерістің екі жағы ретінде көрінеді [4].

Негізінен алғанда, әлеуметтік экологияның қалыптасуының бастауы туралы айтқанда келесі бір кең таралған себептерді ескеруіміз қажет. Әлеуметтік экология әуел бастан ғылыми емес әлеуметтік-философиялық бағыт болып есептелді. Әлеуметтік экология интегралдық ғылым, сол себепті ол бір жағынан география, биология секілді ғылымдардың тәжірибесі мен біліміне сүйенуін қажет етсе, ал бір жағынан оған

философия, әлеуметтану, экономика ғылымдарының мағлұматтары мен әдістері қажет.

Әлеуметтік экологияның қалыптасуы мен дамуына теориялық және жалпыметодологиялық негізді философия қалыптастырады. Бұндай бағытты көптеген ғалымдар ұстанады [6].

1970 жылдар мен 1980 жылдар аралығында әлеуметтанудағы жағдай өзгере бастады. Кризистік әлеуметтану саласындағы жұмыстар, жүйелік зерттеулердің дамуы, негізінен алғанда Рим клубының қалыптасуы, яғни ғалымдар мен гуманитарлардың халықаралық пәнаралық қоғамдастығы, содан кейін ЮНЕСКО-ның «Адам және биосфера» бағдарламасы бойынша, экология проблемаларына байланысты БҰҰ-ның тарапынан өсіп отырған назар, өзіндік әлеуметтік пәннің эволюциясы, яғни әлеуметтік экология – бұлардың бәрі бірігіп адам мен табиғаттың өзара қатынастарын парадигмалық ұғыну қажеттіліктеріне әкелген білімнің, ақпараттың, қоғамдық мүдденің «кризистік массасын» туғызды. Бұл американдық әлеуметтанушылар У. Каттон мен Р. Данлэппен жасалынған-ды.

«Ескі» антропоцентристік және «жаңа» экологиялық парадигмалардың айырмашылығы олар былайша сипаттады: 1) адамның басқа жануарларға қарым-қатынасының «ерекшелігі» қағидасына қарағанда ол жаһандық биофизикалық ортаға кіретін көптеген тірі ағзалардың бірі болып табылады; 2) негізгі детерминанттарымен мәдениет және технология постулаттанған адамгершіліктік белсенділікке бұрынғы көзқарасқа қарағанда, жаңа парадигма күрделі және әрқашанда болжауға келе бермейтін адамның биофизикалық ортаға тәуелділігін постулаттайды; 3) егер бұрынғы мәдениет пен техникалық прогресс шексіздікті қамтамасыз етеді деп болжалынса, қазір В. Каттон мен Р. Данлэп бекіткеніндей ол «экологиялық заңдармен» шектеулі.

Философ О.Н. Яницкийдің көзқарасы бойынша ЖЭП – ең алдымен әлеуметтік мәдени парадигма, сондықтан ол барлық тірі организмдердің теңдігі, биофизикалық ортамен қызметінің шектеулілігі, барлығының өмір сүруге іргелі құқықтары жөнінде айтады. Бұл постулаттар еркін немесе еркін емес түрде христиандықтың кейбір қағидаларына қарсы, технократизм идеологиясына, тұтынушы қоғамының сциентизм мен тұжырымдамаларына қарсы бағытталған [5].

Биосфераның адамның қызметіне салатын бұл шектеулерді қалай түсіндіруге болады? Әлбетте, биофизикалық динамика мен әлеуметтік айнымалы қатарынан шығарылған қарапайым жеке тұжырымдар емес, қандай да бір жалпы заңдылықты жүзеге асыратын, оларды әлеуметтік тұрғыдан түсіндіретін ұстаным болуы керектігі көрініп тұр.

ЖЭП шектеулердің императивіне негізделгеніне қарамастан, оны түсіндірудің әртүрлі тәсілдеріне рұқсат беретіндей кеңінен қалыптасқан. Мысалы, нақты нені шектеу керек: жердің халқының санын (өсу ырғағын) немесе оның қажеттіліктерін, яғни «шектелген (қарапайым) қажеттіліктер», «табиғатқа қамқорлы қатынас» мәдениетін ұсыну керек. Бұл екі жағдайда да мүлдем бір-біріне ұқсамайтын түсіндірмелер – мультизиандықтан маркстікке дейін болуы мүмкін. Бұл мәселе адамзаттың әлемдік экожүйеге қосылғандығымен берілетін шектеулерге де қатысты туындайды. Бір жағынан, бұл шектеулер табиғи-климаттық жағдайларға қойылуы мүмкін, айталық, табиғи ресурстардың болуымен және рұқсат етілуімен, нақты бір мемлекеттің территориясының көлемі мен аймақтануымен (локалдану) байланысты. Мысалы, қандай да бір тең жағдайларда Ресейде АҚШ пен Батыс Еуропамен салыстырғанда энергия бірлігін өндіру құны анағұрлым қатаң климаттық жағдайлар мен тасымал жасауға қиын болғандықтан жоғары болады. Басқа жағынан, әлеуметтік биотехноортамен (біріккен тораптық өмір сүру ортасы) сәйкес нақты қауымдастықтың қызметіне қойылатын шектеулер болуы мүмкін. Бұл шектеулерді үлгілеуге тырысу – нақты тікелей және кері байланыстарды – Д. Медеоуз пен оның басқа да ұжымдас-тарының «өсу шегі» концепциясында жасалынған. Яницкийдің ойынша, бұл концепцияның динамикасында «адамзат – биосфера» жүйесін дамыту қарастыру артықшылығы бар. Бір жүйемен (био-физикалық) басқасына, әлеуметтікке қойылатын шектеулер емес, олардың байланысқан дамуы. Ол – мүлдем басқа бағыт, В.И. Вернадский биосфера-

сының концепциясы, кейіннен Э.С. Кульпиннің әлеуметтік-жаратылыстану тарихы концепциясы секілді әдістемелік салада жүретін жаратылыстану – тарихи бағыт [5].

Қорыта айтқанда, әлеуметтік экологияның негізгі мазмұны да қоғам мен биосфераның өзара әрекеті теориясын қалыптастыруға итермелейді. Табиғат пен қоғамның өзара әрекетінің жалпы теориясын қалыптастырудағы негіз болу керек мәселелерді жүйеге келтіріп, шешімін толыққанды көрсетуді уақыт көрсетіп отыр.

1 Грицианов А.А., В.Л. Абушенко, Г.М. Евелькин. Социальная экология. //Социология. – Минск: Книжный дом, 2003. – 964 с.

2 Сейнов В.Ф. Социальная экология и мировоззрение человека. – Л., 1985. – 16 с.

3 Абсагтаров Р.Б., Мен Д.В., Соловьева И.А. Социология экологии. // ҚазҰПУ хабаршысы. Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы. – Алматы, 2006. – № 3. – Б. 84-103.

4 Марков Ю.Г. Социальная экология. – Новосибирск: Наука, 1986. – 172 с.

5 Яницкий О.Н. Экологическая парадигма как элемент культуры. // Социологические исследования. – 2006. – № 7. – 83-92 с.

6 Павленок П.Д., Савинов Л.И., Журавлев Г.Т. Социология: Учебное пособие. – М.: Просвещение, 2010. – 736 с.

В статье рассматриваются основные направления формирования социальной экологии. В исследовании этой проблемы между естествознанием и социологии зарождается необходимость установления тесного взаимодействия.

The basic direction of formation of social ecology and necessity of establishing strong cooperation between sociology and natural sciences in co-research is considered.

Т.А. Морозова, Д.Н. Нұран

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС МАМАНДЫҒЫНЫҢ КӘСІБИЛІК МӘСЕЛЕСІ

Әлеуметтік жұмыс институты азаматтық қоғамның басты әлеуметтік институттарының бірі болып табылады. Азаматтық қоғамды дамыту сияқты халық әлеуметтік жұмыс институтын да дамытуға мүдделі. Әлеуметтік жұмыс институтын дамыту қоғам тарихының ажырамас бөлігі болып келеді. Дамыған, жетілдірілген әлеуметтік жұмыс институты – дамыған мемлекеттің бірден-бір көрсеткіші.

«Әлеуметтік жұмыс» ұғымы ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында жаңа кәсіби іс-әрекет ретінде айналымға енді. Осы уақыттан бастап адамдарға көмек көрсететін қайырымдылық ұйымдар саясаты көмекке мұқтаж адамдарды «көмек көрсетуге тұратындар» және «көмек

көрсетуге тұрмайтындар», яғни өздері кінәлілер деп субъективтік бөлуден азат болды. Кедейліктің негізгі себебі ретінде қоғамдағы объективтік әлеуметтік-экономикалық жағдай қарастырыла бастады. Соның негізінен көмек көрсетудің жаңа үлгілері дамуға бастау алды.

Қазақстандағы әлеуметтік жұмыс перспективті салалардың бірі ретінде қазіргі таңда даму үстінде. Ауыр экономикалық жағдай тұрғын-халықтың осал қабатының әр түрлі білікті көмекке мұқтаж болуына себеп болып отыр. Функционалистік әлеуметтану көзқарасы бойынша бұл жағдай жаңа мамандықтың пайда болуының бір ғана себебі емес, сонымен қатар кәсіби әлеуметтік жұмыстың дамуын ынталандырушы факторлар-